

Жаратылыстану-әле


Үш пар ат 30 км шапса, әр
пар ат неше км шабады ?

30




*Ертегіде кездесетін үш
басты айдаһардың неше
көзі, неше мұрны болған?*

(6 көзі 3 мұрыны)



*100 жылдығы аталып өткен
қазақ математигі кім?*





ЖӘУТІКОВ ОРЫНБЕК АХМЕТБЕКҰЛЫ



Жәутіков Орынбек Ахметбекұлы (1911-1989)

Жәутіков О.А 1911 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Қызыларай ауылында дүниеге келген. Ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылыми және техника қайраткері, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.





- 1920-1930 жылдары ауылдық мектепте, кейіннен Қарқаралы қаласындағы мектепте оқыған.
- 1934 жылы Қазақ педагогикалық институтының (Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті) физика-математика факультетін үздік бітіріп, Ленинград мемлекеттік университетінің (Санкт-Петербург мемлекеттік университеті) аспирантурасын тамамдаған.
- 1934-1951 жылдар аралығында Қазақ педагогикалық институтында ассистент, аға оқытушы, доцент, декан, директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушісі болған.

$$x^2 + y^2 + 2dx + 2ey + f = 0$$

(x_0, y_0)
 a_1, b_1




О.Жәутіков - республикалық физика-математика мектебін ұйымдастырушылардың бірі. Бұл мектеп қазір Орынбек Жәутіковтің есімімен аталады. Ол республикамызда математик ғалымдарды дайындауда және математиканы насихаттауда көп еңбек сіңіріп, отандық математиктер мектебін қалыптастырды.



Қазақстанның еңбек сіңірген ғылыми және техника қайраткері, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты академик-ғалым Орынбек Жәутіков 16 мамыр күні 1989 жылы қайтыс болды.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен академик-ғалым О.Жәутіковті мәңгі есте сақтау мақсатында Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебі мен Қарқаралы қаласындағы №1 орта мектебіне есімі берілген.


Әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде үздік оқыған студенттерге арналып О.Жәутіков атындағы стипендия тағайындалған. Алматы қаласында ғалым О.Жәутіков тұрған үйдің қабырғасына мемориалдық тақта орнатылған.



Мақалды жалғастыр
«Білекті бірді жығады,...»
«Бір тал кессең,...»

**«Білекті бірді жығады, білімді
мыңды жығады»**

«Бір тал кессең, он тал ек»



**Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың
“Қазақстан-2030 жылы барса
апаратын-бүгінгі мектеп
партасында отырған оқушылар”
деген сөзін әрқашан жадымызда
ұстап, Елбасының сенімін ақтауда
дәл бүгінгідей өз білімімізбен биік-
терден көріне берейік.**